

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік
қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама (Есеп)**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіздеме:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағы,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 4-тармағы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 наурыздағы шешімімен (№2/2022 хаттама) бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі туралы ереженің 15-тармағының 22) тармақшасы, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының 2025 жылғы 1 сәуірдегі «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы (№ 53-П бұйрығы).

Талдау жүргізу кезеңі:

2025 жылғы 20 мамырдан 30 маусым бойынша

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі:

2024 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін және 2025 жылдың 1 қаңтарынан 30 мамырына дейін

Орындаушы:

Б.Т. Дюсенов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің комплаенс қызметкері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – талдау) келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Құрылымдық бөлімшелердің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Құрылымдық бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Құрылымдық бөлімшелердің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.

Қоғам келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Ғарыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 528-IV Заңы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415 Заңы, «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 Заңы, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «KazSat» Қазақстандық байланыс және хабар тарату жерсерігін құрудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» 2005 жылғы 26 қазандағы №85 Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері. Қоғам өз Жарғысын, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, ішкі нормативтік құжаттарды, оның ішінде Қоғамның актілерін басшылыққа алады.

Сондай-ақ «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының www.rcsc.kz ресми сайтында «Комплаенс қызметі» бөлімі ашылды, онда келесі материалдар орналастырылған: «РҒБО» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты», ««РҒБО» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттары», «РҒБО» АҚ бастамашылықпен ақпараттандыру саясаты және «РҒБО» акционерлік қоғамы қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нұсқаулық және қоғамдық қатынастардың жекелеген саласында жұмыс істейтін тұлғалардың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне (лауазымды тұлғалардың ерекшеліктеріне) төзбеушілік ахуалына қол жеткізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алуға бағытталған басқа да құжаттар (Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген).

Нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

Лауазымды тұлғаның өз қалауы бойынша шешім қабылдауын жеңілдететін ережелердің болуына талдау жүргізілді (Қоғам Жарғысының 15-тарауына сәйкес Атқарушы орган (Қоғам Басқармасы).

Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда лауазымды тұлғаның (Басқарма төрағасының) жалғыз шешім қабылдау қаупі жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруына кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер анықталмады.

Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын талдау барысында дискрециялық өкілеттіктер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасауға айқын ықпал ететін ережелер анықталған жоқ, бірақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады.

Сондай-ақ, қарама-қайшылықтардың туындауын болдырмау үшін ішкі нормативтік құжаттардың қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне кезеңді мониторинг жүргізу қажет.

2. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында ішкі талдау жүргізу барысында келесі мәселелер қарастырылды:

- персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың тұрақсыздығы;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік сатып алу және бюджет қаражатын игеру мәселелері бойынша;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын басқа да мәселелер.

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың тұрақсыздығы мәселесі бойынша:

«РГБО» АҚ кадрлық құрамы бойынша көрсеткіштер (2024 жылға және 2025 жылдың 5 айына.)

№	Кезең	Штат саны	Нақты саны	Кадрлардың ауысуы	Жарияланған бос жұмыс орындары
1	2024 жыл соңы (31.12.2024 ж.)	210 адам	189 адам - бір жылдағы орташа 203 адам	2024 жылға 8%, соның ішінде 1,8 % - ИТЖ	2024 жылы Enbek.kz сайтында жарияланған бос жұмыс орындарының саны 25 бірлікті құрады, оның ішінде

			- 30.12.2024 ж. жағдайына		«ИТЖ» кадрлары санаты бойынша – 14, ӘБП – 8, басқа персонал санаты бойынша – 3.
2	2025 жылдың 5 айына (15.05.2025 ж.)	210 адам	206 адам - 5 айға орташа (01.01.2025 ж. бастап 15.05.2025 ж. бойынша) 205 адам - 15.05.2025 ж. жағдайына	15.05.2025 ж. жағдайына 3,4%, соның ішінде 1% ИТЖкадрлардың ауысуы 15.05.2025 ж. жағдайына	2025 жылдың 5 айына Епбек.kz сайтында жарияланған бос жұмыс орындарының саны 13 бірлікті құрады, оның ішінде «ИТЖ» кадрлары санаты бойынша – 9, ӘБП – 2, басқа персонал санаты бойынша – 2.

Біліктілік талаптарына сәйкестігі.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің лауазымдық нұсқаулықтарына қатысты құжаттарды талдау кезінде негізінен қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру немесе талаптарға сәйкестігіне жетекшілік ететін басшымен және комплаенс қызметкермен қосымша келісудің болуы тексерілген кезеңде 2024 жылы 29 қызметкер және 2025 жылдың 5 айында жұмысқа қабылданған 13 қызметкердің біліктілік талаптарына жалпы сәйкес келетіні және ешқандай бұзушылықтар *анықталмағаны* көрсетілді.

Бар ескертулерді жою үшін Басқарманың 05.02.2021 жылғы №3/2021 шешімімен бекітілген Бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу қағидаларында (06.11.2023 ж. №48/2023 өзг. мен тол., 07.04.2025 ж. №22/2025 өзг.) *(бұдан әрі – Қағидалар)* бекітілген Қоғамда қолданыстағы стандарттарды енгізуді бақылауға алу қажет.

Атап айтқанда: біліктілік талаптарын қайта қарау және оларды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес келтіру. конкурстық процедураларды жүргізу және қатаң сақтау; - кандидаттардың әңгімелесуден өту фактілері және олардың нәтижелері туралы ақпаратты көрсету; - Сайтқа байқау нәтижелерін орналастыру; - персоналды бейімдеу тәртібін қамтамасыз ету; жұмысқа орналасу үшін қойылатын біліктілік талаптарын қатаң сақтау;

Сондай-ақ қызметкерлердің, әсіресе, олардың нақты жұмысы ғарыштық байланыс қызметімен сәйкес келетін техникалық мамандықтардың (салалық департаменттер, басқармалар) жеке лауазымдық нұсқаулықтарына қойылатын біліктілік талаптарын жаңарту қажеттілігі туындады.

Кадрлар жөніндегі комиссияның, тәртіптік комиссияның және басқалардың құрамы Қоғам төрағасының 30.05.2023 ж. № 28/2023 (15.08.2024 ж. № 44/2024 өзг.), 18.11.2020 ж. № 33 бұйрықтарымен бекітілді.

Ұйымдастырушылық-штаттық қызметке қатысты материалдарды қарап, зерделей келе (2025 жылғы I маусымдағы жағдай бойынша), аппарат құрылымдарында функциялары қайталанатын артық басшылық лауазымдары болғандықтан Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 15 қарашадағы № 375/1-п бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды (бұдан әрі – Ұсынымдар) ескере отырып, Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат санын келесі сәйкестікке келтіру қажет:

Қоғам Басқармасының 19.12.2024 жылғы № 69/2024 шешімімен бекітілген Қоғамның Кадрлық саясатының 21-тармағының 6) және 7) тармақшаларымен келесі іс-шаралар қарастырылған:

6) басқару деңгейлерінің қысқаруын ескере отырып, орталық аппараттың және бөлімшелерінің – «Ақкөл» және «Көктерек» ғарыштық байланыс орталықтарының ұйымдастырушылық құрылымдарын қайта қарау, функциялардың қайталануын жою және басшылар мен бағынысты қызметкерлердің оңтайлы арақатынасын белгілеу арқылы басқару тиімділігін арттыру;

7) тиімсіз корпоративтік және өндірістік бизнес-процестерді оңтайландыру және реинжиниринг.

Алайда бұл іс-шаралар толық көлемде, сапалы талдап, көрсетілген нормаға сәйкестендіру қажет.

Сондай-ақ, акционерлік қоғамның құрылымын штат санын оңтайландыру және қысқарту тұрғысынан қарастыру қажет.

НҚА-ны, персоналды басқару бағытындағы бизнес-процестерді талдау келесі қажеттілікті көрсетті: құрылымдық бөлімшелер туралы кейбір ережелерді (штаттың өзгеруі, НҚА, тапсырсалар, міндеттер) және кейбір лауазымдық нұсқаулықтарды (міндеттерін өзгерту) өзектендіру, әсіресе АҚЖО Басқармасын (бос орындарды) білікті мамандармен жинақтастыру.

2024 жылдың талданған кезеңінде Қоғам қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданылмады, 2025 жылдың 5 айында Қоғам Басқармасы төрағасының 03.04.2025 жылғы № 116-к бұйрығына сәйкес Құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету департаменті Кадр жұмысы және құжат айналымы басқармасының екі қызметкеріне ескерту түрінде қолданылды.

Қолданыстағы заңнаманы бұзу және бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыстар, қылмыстық қылмыстар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Кадрлар ауысуының (тұрақсыздығының) асып кету фактілері нормадан аспайды. Үміткерлерді іріктеу және бос лауазымдарға орналасу тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, Қоғамның Кадр саясатына және Басқарманың 05.02.2022 жылғы № 3/2021 бекітілген шешіміне (бұдан әрі – Іріктеу қағидалары) сәйкес айқындалады. Солайша 2024 жылы 29 қызметкер, ал 2025 жылдың 5 айында 13 қызметкер қабылданып, қызметтік жазбалар мен бөлімшелер өтінімдері негізінде бос орындар жарияланды. Талданып отырған кезеңде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мәселесі негізінен Еңбек кодексіне сәйкес жүргізілді, кадрлық іс жүргізу, істер номенклатурасы және комиссияның жұмысы (конкурстық, тәртіптік және т.б.) жақсы жолға қойылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Үлгілік қағидаларға №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесін қамтитын талдамалық анықтама жасалады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімшелер бойынша және жалпы Қоғам бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған 22 лауазымның тізбесі жасалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі 2024 жылдың және а.ж. 5 айының қорытындысы бойынша қоғамда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын лауазымдар және қызметтік міндеттерін негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлық функциялары берілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған өзге де лауазымдардың функционалдық міндеттері бойынша талдау жүргізді.

«РҒБО» акционерлік қоғамы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды талдау бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша біліктілік талаптары бойынша өрескел бұзушылықтар мен ауытқулар болған жоқ және барлық нормативтерге сәйкес келеді, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұзушылықтар анықталған жоқ.

(Осы талдамалық есепке № 1, 2 қосымша).

2024 жылда және 2025 жылдың 5 айында акционерлік қоғам қызметкерлерінің мүдделерінің қақтығыстары туралы ақпарат *түскен жоқ.*

Осылайша:

- Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшымен үлестес болуы - *жоқ.*
- Мемлекеттік сатып алу, жекешелендіру, мүлікті, активтерді және басқаларды сатып алу не сату кезінде лауазымды тұлғалардың үлестестігі *жоқ;*
- Жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының (олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға

тікелей бағынатын, сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысындағы жұмыскерлердің) бірлескен қызметі (жұмысы) *болмады*.

2024 жыл және 2025 жылдың 5 айы ішінде қолданыстағы заңнамада лауазымды тұлғаларға белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдарды (соның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру және т.б.) бұзу жағдайлары *анықталған жоқ*.

Жүргізілген тексеру нәтижесінде және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (бұдан әрі - ҚР БП ҚСЖАЕК) ақпараттық базасы бойынша ЦДИАӨМ-нің сұрау салуына сәйкес жаңа 29- (2024 ж.) және 13- (а.ж. 5-айына) Қоғам қызметкерлерінің - сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмыс істеуге тыйым салуға қатысты заңнаманы сақтау тұрғысынан, оның ішінде ҚР БП ҚСЖАЕК ақпараттық базасындағы кадр құрамындағы жаңартуларды ескере отырып, алынған деректердің қорытындылары бойынша ағымдағы кезеңде *тартылмаған және тіркелмеген*.

Сондай-ақ, Қоғам қызметкерлерінің әзірленген лауазымдық нұсқаулықтарының функционалдық міндеттерінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершілік, Қоғамның Іскерлік этика кодексінде көзделген нормаларды сақтау, Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу көзделгенін атап өту қажет. Осыған байланысты лауазымдық нұсқаулықтарды, атап айтқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын тағы бір рет пысықтап, толықтырулар енгізу қажет.

Ұсынымдар:

Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында төмендегілер жасалуы қажет :

1) Қоғам Басқармасы :

- штат санын оңтайландыру және қысқарту мақсатында акционерлік қоғамның құрылымын тұтастай қарастыру қажет;

- белгіленген нормаларды қатаң сақтау және барлық ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарды сәйкестендіру.

2) қабылданған ішкі нормативтік құжаттарды іске асыру кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізу.

3) тәртіптік жазаны алып тастау кезінде қызметкердің теріс қылықтарының ауырлығын және жазаны мерзімінен бұрын алып тастау үшін бейресми (тәуекел көрсеткіштеріне сәйкестік) негіздерінің болуын ескеруге міндетті.

4) акционерлік қоғамға қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес жұмыс істейтін туыстары

мен қабылдаушы адамдарды бір-біріне тікелей бағынысты болуын алдын алу мәселесін қарастырады.

5) қызметкерлерді тікелей бағыныштылықтың болуына байланысты мүдделер қақтығысының нысанасы болуы мүмкін шешімдерді қабылдаудан шеттету мүмкіндігін қарастырады.

6) мүдделер қақтығысын жою, қажет болған жағдайда ұйымдық құрылымға және/немесе штаттық кестеге тиісті өзгерістер енгізу тұрғысында «РҒБО» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің функционалдық мүмкіндіктерін қарастырады.

7) мүдделер қақтығысын болдырмауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, Іскерлік этика кодексін және Қоғам қызметкерлерінің кәсіби этикасын қатаң сақтау.

8) ҚР заңнамасын сақтау үшін ішкі нормативтік құжаттарды, әсіресе Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын уақтылы жаңарту;

9) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жұмысты жалғастыру;

10) Қоғамға кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және жою мақсатында Құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету департаменті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметімен үйлестіру қажет.

Мүдделер қақтығысын шешу мәселесі бойынша:

Бірінші жартыжылдықта Қоғам қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы *анықталған жоқ*.

2024 жылы 36 өтініш және 2025 жылдың 5 айында жеке және заңды тұлғалардан 17 өтініш түсіп, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралған. Уақытында қаралмау және жауап бермеу фактілері *анықталған жоқ*. 2025 жылдың 5 айында сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша акционерлік қоғам қызметкерлерінің әрекетіне жеке және заңды тұлғалардан өтініштер *түскен жоқ*.

Кадр жұмысы және құжат айналымы басқармасы Tengribpm электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы қоғамға кіріс хат-хабарларын тіркейді және келіп түскен күні (тіркеу күні) басшылыққа қарау үшін беріледі.

Қоғамда Директорлар кеңесі 2022 жылғы 16 мамырдағы №2/2022 хаттамада қабылдаған және бекіткен «РҒБО» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жұмыс істеп, ол мүдделер қақтығысы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын бұзғаны үшін санкциялар (жауапкершілік) бөлігінде мәселелерді реттеуді көздейді. Қоғамның барлық қызметкерлері мүдделер қақтығысынан таза, уақтылы және барабар шешімдер қабылдауға жауапты.

Қызметкерлер (соның ішінде жаңадан қабылданғандар) барлығымен танысады, қол қояды және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерімен және ««РГБО» акционерлік қоғам қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен» танысу және қабылдау туралы «Растау» нысанын Құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету департаментінің Кадр жұмысы басқармасына жолдайды. Корпоративтік этика мәселелеріне қатысты мұндай қағиданы енгізу Қоғам қызметкерлерінің корпоративтік этика стандарттарын сақтауын міндетті етеді, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Талдау жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезіндегі үлестестік мәселелер бойынша және жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымдарға орналасу мәселелер бойынша фактілер *тіркелмеген*.

Ұсынымдар:

- 1) Басқарма мүшелері мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары мүдделер қақтығысын анықтау және шешу жөніндегі жұмысты жалғастырсын;
- 2) барабар ден қою шараларын қабылдау мақсатында қызметкерлерге және Қоғамның қызметіне қатысты жағымсыз жарияланымдарды анықтау мақсатында БАҚ тұрақты мониторинг жүргізу.

Мемлекеттік сатып алу және бюджет қаражатын игеру мәселелері бойынша.

Қоғамда мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (*бұдан әрі-Қағидалар*), Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ Қоғам Басқармасының 2025 жылғы 28 мамырдағы №34/2025 шешімімен бекітілген Қоғамда мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, ол туралы мәліметтер таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты құрайтын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда ерекше тәртіпті қолдана отырып Мемлекеттік сатып алуды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілермен байланысқа жол

бермейді. Арнайы тәртіппен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында хабарландыруды мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік сатып алу басталғанға дейін кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын орналастыру көзделеді. Бұл ретте әлеуетті жеткізушілердің тізбесін қалыптастыру және бекіту мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы осындай тізбені конкурстық құжаттаманы алуға өтінішхат берген тұлғалар арасынан қалыптастыруға байланысты Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне тікелей байланысты емес (*Ерекше тәртіп қағидаларының 28-30 тармақтары*).

Ерекше тәртіппен сатып алуға байланысты емес сатып алу туралы шарттар мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалып, бұл сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы толық және сенімді ақпаратты талдауға және олардың орташа сатып алу бағаларын анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашық етуге бағытталған электрондық шарттарды және басқа да бірқатар стандарттарды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға көмектеседі.

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес алдағы жылға екі мемлекеттік сатып алу жоспарын қалыптастырады:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған (*бұдан әрі – МС жоспары*);

2) қағаз жеткізгіште ресімделген шектеулі таратылатын ақпаратты қамтиды (*бұдан әрі – Ерекше жоспар*).

2024 жыл. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

Сатып алу жоспарлары				
	Тармақтар саны	Сомасы/теңге ҚҚС есебінсіз	Жасалған шарттар саны/тармақтар бойынша	Сомасы/теңге ҚҚС есебінсіз
МС жоспары	636	5 453 592 148,38	635	5 242 549 730,51
Ерекше жоспар	18	1 622 842 387,18	16	1 483 723 713,20

МС жоспарының бекітілген 636 тармағынан:

Статусы	Тармақтар саны	Жасалған шарттар	Жасасқан шарттардан:

		саны/тармақтар бойынша			
			орындалды	орындалмады	Қызмет көрсету қажеттілігі болмады
тармақтар	636 (100%)	635 (99,84%)	626 (99,43%)	7 (1,1%)	2 (0,31%)

Жасалған 503 шарт бойынша нақты үнемдеу **297,6 млн.теңгені** құрады.

Уақытында жасалмаған шарттар бойынша жеткізушілер өсімпұл ретінде 3 536 828,14 теңге төлеген.

Жоспардың 10 тармағы бойынша шарттарды 2024 жылдың 1 наурызына дейін ұзарту туралы қосымша келісімдер жасалды (күнделікті қажетті қызметтер).

Қоғамның бастамасымен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне келесі (әлеуетті) жеткізушілер енгізілді: **29**

- 1) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы – **5**;
- 2) сот органдарының шешімі бойынша – **24**.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Мемлекеттік сатып алу басқармасының 2024 жылға арналған жұмысының қорытындысы бойынша келесі ескертулерді анықтады:

1) 2024 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік сатып алу туралы есепке сәйкес мемлекеттік сатып алудың жалпы саны 636 атауды құрады, оның ішінде 2 атау қызмет көрсету қажеттілігі жоқ деп көрсетілді. Бұл 2024 жылға мемлекеттік сатып алуды жоспарлаудың тиімсіздігін көрсетеді. Екі шарт бойынша жалпы сома 5309,5 мың теңгені құрайды. Оның ішінде:

- радиоэлектронды құрылғы, бірлік бағасы – 4 990,0 мың теңге;
- ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтері, бірлік бағасы – 319,5 мың теңге.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті жеткізушілер мемлекеттік сатып алу веб-порталына конкурстық комиссияның шешіміне **5 шағым** түсірді, оның ішінде 4 шағым қанағаттандырудан бас тартылды, 1 шағым

2) Бұдан әрі камералдық бақылау Тапсырыс берушінің КҚ 12 қосымшасына сәйкес бекітілген техникалық ерекшелікте әлеуетті жеткізуші ұсынған тауар құжатының техникалық шарттарына толық сәйкес келетін сипаттамалар көрсетілгенін анықтады.

Осылайша, Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізуші бойынша іріктеуді сапалы өткізбеді, осы конкурсқа тең қатысушыдан бас тартып, бәсекелестік ортаға негізделген ашық конкурс талабын бұзды. Ақпарат мақсатында бұл бұзушылық әкімшілік құқық бұзушылық ретінде сипатталады.

2025 жыл. 2025 жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша

Сатып алу жоспарлары				
	Тармақтар саны	Сомасы/теңге ҚҚС есебінсіз	Жасалған шарттар саны/тармақтар бойынша	Сомасы/теңге ҚҚС есебінсіз
МС жоспары	495	3 309 377 86 3,05	420	2 195 672 90 7,12

МС жоспарының бекітілген 495 тармағынан:

Статусы	Тармақтар саны	Жасалған шарттар саны/тармақтар бойынша	Жасалған шарттардан орындалды:	Орындаудағы тармақтар саны
тармақтар	495 (100%)	420 (84,85%)	244 (58,09%)	75 (15,15%)

Жасалған 420 шарт бойынша нақты үнемдеу – **160,1 млн. теңгені** құрады.

Мерзімінде орындалмаған шарттар бойынша жеткізушілер өсімпұл ретінде 89 492,59 теңге (0,71%) енгізді.

Жоспардың 10 тармағы бойынша шарттардың қолданылуын 2024 жылғы 1 наурызға дейін ұзартуға (күнделікті қажеттілік қызметтері) қосымша келісімдер жасалды.

Қоғамның бастамасы бойынша Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне жеткізушілер (әлеуетті) енгізілді: 8

- 1) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы – 4;
- 2) сот органдарының шешімімен – 4.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті жеткізушілер мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурстық комиссияның шешіміне **4 шағым** берді, оның ішінде 1 шағымға қанағаттандырудан бас тартылды, **3 шағым** толық қанағаттандырылды.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтар анықталған жоқ.

Бұдан басқа, шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін Басқарманың қазіргі мүшелері және Мемлекеттік сатып алу басқармасының барлық қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерге қол қойды.

Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары заңнамаға толықтырулар/өзгерістер енгізілген кезде өзектендіріледі не жоюға қойылады.

Қызметтік іссапарлар бойынша:

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №15/2022 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы Қағидалардың (бұдан әрі – Қағидалар) 1.4-тармағына сәйкес іссапарларды жоспарлау Қоғамның тиісті қаржы жылына арналған Даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Қоғам Басқарма төрағасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 181-п бұйрығымен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің 2024 жылға арналған іссапар жоспарына сәйкес қызметтік іссапарлардың 136 пункті көзделген, оның ішінде 106 пункт Қазақстан Республикасының шегінде көзделген, ал 30 пункт шетелдік іссапарларға көзделген.

Қоғамның 2022-2026 жылдардағы бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарын нақтылауды бекіту бойынша 2024 жылдың екінші жартыжылдығында (*Қоғамның ДК сырттай отырысының 24.10.2024 жылғы № 11/2024 хаттамасынан үзінді*) 2024 жылға арналған Іссапарлар жоспарын оңтайландыру бойынша түзету енгізілді. Осылайша, Басқарманың жетекшілік ететін мүшелерімен келісілген қызметкерлердің сапарлары (қызметтік іссапарлар) бойынша құрылымдық бөлімшелердің барлық ұсыныстары оңтайландырылды (*Басқарма төрағасының м.а. В. Леоновтың 01.11.2025 жылғы № 171-п бұйрығы*).

Қоғам Басқарма төрағасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 181-п бұйрығымен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің 2025 жылға арналған іссапар жоспарына сәйкес қызметтік іссапарлардың 64 пункті көзделген, оның ішінде 56 пункт Қазақстан Республикасының шегінде, ал 8 пункт шетелдік іссапарларға көзделген.

Қағидалардың 3.3-тармағына сәйкес Қоғамның Іссапарлар жоспарына тиісті жылға арналған даму жоспарында көзделген қаражат шеңберінде іссапарға жіберілетін қызметкерді, іссапар бағытын немесе оның мақсатын ауыстыру бөлігінде 2025 жылғы қаңтар-мамыр айлары аралығында өзгерістер енгізілді.

2024 жылғы іссапар шығыстарын талдау қаржы жылының қорытындысы бойынша жоспар бойынша жоспарланған игерілгені, шамамен 70% құрайтынын көрсетті. Яғни, 2024 жылы жоспарланған іссапар шығындарының 30% игерілмеген, бұл шығындардың осы бабы бойынша шығыстардың сапасыз жоспарланғандығын көрсетеді. Іссапар туралы есептердің талданатын кезеңі

(2024 жылы және 2025 жылдың 5 айында) оларды ресми дайындаудың жекелеген фактілерінің бар екендігін көрсетті. Іссапар туралы қызметкердің іссапарда жасаған жұмысын, осы жұмысқа қол жеткізген нәтижесін көрсетуге мүмкіндік беретін маңызды құжат екенін ескеру қажет. Қызметтік іссапардан келген адамның есебіне іссапардың тиімділігі (тиімсіздігі) туралы қорытындыларды растайтын құжаттар, қол қойылған құжаттардың көшірмелері, іс-шараға қатысу туралы сертификаттардың көшірмелері, анықтамалық материалдар және басқалар қоса берілуге тиіс.

Осылайша, іссапар туралы сапасыз есептерді ұсыну тиімсіз сапарлар қаупін тудырады. Қағидалардың 1.6-тармағына сәйкес: *«Іссапар шығыстары мен шығындары»*, тиісінше іссапар бойынша ақшалай қаражаттың жұмсалуды есептеуді және бақылауды Бухгалтерлік есеп басқармасы, қаржы-шаруашылық қызметті жоспарлауды Экономикалық талдау басқармасы және Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады.

Ұсыныстар:

Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында мыналарды орындау қажет:

1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қоғамда құрылатын конкурстық (аукциондық) комиссиялардың мүшелері мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың нормаларын қатаң сақтауы және қандай да бір әлеуетті жеткізушілерге артықшылық құқық беру фактілеріне жол бермеуі;

2) әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа (аукционға) қатысуға заңсыз жіберілуіне (жіберілмеуіне) әлеуетті өнім берушілердің қанағаттандырылған шағымдарының қорытындылары бойынша Астана қаласының ПММ-нің хабарламасын одан әрі жұмыста назарға алу.

3) бюджеттік өтінімді қалыптастыру кезінде мәлімделген шығыстардың негізділігіне назар аудару, әрбір сатып алу бойынша өткен кезеңнің игерілуі мен орындалуын талдауды ескеру, сол арқылы шығыстарды тиімсіз жоспарлауға жол бермеу.

4) азаматтық-құқықтық шарттар, мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік этика және парасаттылық нормаларының, ерікті бәсекелестік қағидаттарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы жүйелі түсіндіруді жалғастыру.

6) Басқарма басшылығы Қоғам қызметкерлерінің іссапарлары туралы қағидаларға сәйкес іссапар туралы есептердің берілуін, атап айтқанда іссапар барысында жүргізілген іс-шаралар сипаттамасының толықтығын, іссапар нәтижелерін бақылауды күшейту, сондай-ақ есеп беретін тұлғалардың

іссапарынан тәжірибемен танысу жөніндегі жұмыс көрсетілуі тиіс іссапар туралы есептің үлгісін қайта қарау.

Мемлекеттік қызмет көрсету:

Қоғам мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Қоғам рұқсат беру функцияларын орындамайды.

Бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру:

Қоғам бақылау функцияларын орындамайды.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер

Мемлекет активтерін пайдалану тиімділігін талдау.

Мемлекет активтерін пайдалану тиімділігін талдау барысында қоғамның өндірістік қызметінде пайдаланылмауы анықталды: мысалы, «Ақкөл» ҒБО баланстағы қойма (үй жай) ғимараты. Мұны ұстау Қоғам үшін тиімсіз болып табылады және мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану тәуекелдерін болжайды.

Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ескертулері (тармақтары бойынша) бойынша ұсынымдарды уақтылы орындау бойынша 2024 жылғы және 2025 жылғы 5-айдағы аудиторлық есептің қорытындылары туралы есептің материалдарын зерделеу қорытындылары бойынша ескертулер негізінен құрылымдық бөлімшелер тарапынан жұмысқа қабылданғанын атап өту қажет. 2024 жылдың қорытындысы бойынша есепке сәйкес тапсырмалардың 16 тармағының 13 тармағы орындалды, 3 тармағы орындалуда. Ережелерге сәйкес Ішкі аудит қызметі жыл сайын есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша акционерлік қоғамның интернет-ресурстарында «Аудиторлық қызмет есебі» жариялауы тиіс, бірақ бұл жұмыс жүргізілмеген.

Мұндай жұмыс Директорлар кеңесінің отырыстарында әлі бекітілмеген және акционерлік қоғамның сайтында жарияланбаған акционерлік қоғамның 2024 жылғы жылдық қаржылық есебіне қатысты-

Оны жоюға арналған ұсыныстар: Қоғамның корпоративтік сайтында жылдық қаржылық есептілікті (2024 жылға) және Акционерлік қоғамның аудиторлық есептілігін (2023 және 2024 ж.ж) қысқа мерзімде жариялау қажет.

Осы ұсынымның орындалуын бақылау акционерлік қоғамның бас бухгалтері мен Ішкі аудит қызметінің аудиторуна жүктелсін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша:

Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (бұдан әрі - СЖҚКҚ) жүргізеді. Қоғамның бекітілген құрылымына сәйкес (17.12.2021 ж.бастап) 2022 жылғы 11-наурыздан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы тағайындалды, оған қызметкерлер арасында қызметтің профилактикасына және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы тиімді қолдануға бағытталған жұмыс функциялары бекітілді. Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 наурыздағы шешімімен (№2/2022 хаттама) «РҒБО» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» ереже бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «РҒБО» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (*Директорлар кеңесінің 16.05.2022 ж. шешімімен, №5/2022 хаттамамен бекітілген*), «РҒБО» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар (*Директорлар кеңесінің 16.05.2022 ж. шешімімен бекітілген, хаттама 5/2022*), «РҒБО» АҚ-дағы бастамашылық ақпараттандыру саясаты (*Директорлар кеңесінің 16.05.2022ж. шешімімен бекітілген*), «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (*Директорлар кеңесінің 01.03.2024 ж.шешімімен №1/2024 хаттама*) негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар 2025 жылға арналған «РҒБО» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде жүзеге асырылады.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңды іске асыру туралы» шараларды түсіндіру және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің бекітілген Ішкі құжаттарымен танысу бойынша орталық аппараттың, «Ақкөл» және «Көктерек» ҒБО еңбек ұжымының мүшелерімен 3-тен астам кездесулер ұйымдастырылды.

Атап айтқанда:

1). 11.03.2025 ж. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілі, полковник Ж.Ж. Жылқышиевамен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері» тақырыбына,

2) 10.04.2025 ж. ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілі А. Қадырбаевпен кездесу, «РҒБО» АҚ қызметкерлерінің тұрғылықты жері бойынша салық органдарына «Декларацияны міндетті және уақтылы табыс ету туралы» қаржылық бақылау шараларын егжей-тегжейлі түсіндірді. Барлық орталық аппарат қатысты және (онлайн режимде) әңгімеге «Ақкөл», «Көктерек»

ҒБО қызметкерлері қосылды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлердің көптеген сұрақтары қойылды, сондай-ақ Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың ерекшеліктері туралы және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкері тарапынан бейнеролик пен басқа да практикалық материалдарды қолдана отырып, толық жауаптар берілді.

3) 09.06.2025 ж. «Ақкөл» ҒБО еңбек ұжымымен «а. ж. 20 -мамырдан бастап «РҒБО» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдауды тексеруді бастау туралы» кездесу және осы мәселені акционерлік қоғамның барлық қызметкерлерімен жария талқылау өткізілді.

4) «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамында өткізілетін 2024 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының және 2025 жылғы алдағы міндеттердің қорытындылары туралы. Сондай-ақ, акционерлік қоғамның корпоративтік сайтында «Сыбайлас жемқорлық картограммасы» жоба іске қосылды және ашылды, онда келесі мәліметтер көрсетіледі:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізілімі;
- 2) акционерлік қоғам бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізбесі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған барлық өткізілетін іс-шаралар (*кездесулер, семинарлар*) акционерлік қоғамның корпоративтік сайттарында және «Комплаенс-қызмет» бөлімінде үнемі жарияланып отырады.

Қоғамның www.rcsc.kz сайтында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлау мақсатында «Комплаенс – қызмет» айдары, байланыстар (электрондық пошта, телефон нөмірі), сондай-ақ ұжымның барлық қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысы мен қызметі туралы» өтініш орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты жағдайлары бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын көздейді.

Талданатын кезеңде Бұқаралық ақпарат құралдарында (электрондық басылымдар, іздеу жүйелеріндегі сұраулар) Ққоғамға қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы материалдар *анықталған жоқ*.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, теріс пайдалану және этикалық емес мінез-құлық бойынша өтініштер «сенім телефонына» *келіп түскен жоқ*.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің комплаенс-офицері басшы қызметкерлердің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде, өзінің ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе жұртшылықпен байланыс жөніндегі басқа да іс-шараларда жалған ақпарат таратуға, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермей, жұртшылықпен және бұқаралық ақпарат

құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық стандарттардың сақталуын жүйелі түрде қадағалайды.

2024 жылы және 2025 жылдың 5 айында акционерлік қоғам қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының, іскерлік этика және корпоративтік басқару кодексінің, еңбек және атқарушылық тәртіптің талаптары мен шектеулерін қатаң сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілді.

Қорытынды:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жақсарту және азайту үшін мыналарды орындау қажет:

1) Қоғам Басқармасының басшылығының «Ақкөл» ҒБО-да бос тұрған мүлікті/ғимараттарды пайдаланудың орындылығын қарастыруы.

2) Бухгалтерлік есеп басқармасы мен Ішкі аудит қызметінің аудиторына қысқа мерзімде «2024 жылғы жылдық қаржылық есептілік» және « 2024 ж.ж. аудиторлық есептілікті» акционерлік қоғамның корпоративтік сайтында жариялауды ұсыну.

3) кандидаттармен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мәніне еңбек шарттарын мұқият тексеруді қамтамасыз ету;

4) азаматтық қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа кірген кезде адамға сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсыну;

5) Кодекстің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналастыруға жол бермеу;

6) қолданыстағы заңнамаға және жоспарлы іс-шараларға сәйкес Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Оларды жою бойынша ұсыныстар:

1) ЦДИАӨМ аудиторлық іс-шараларының қорытындылары бойынша берілген ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуына мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысты күшейту және шаралар қабылдауды, ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету;

2) соттылықтың болуы немесе болмауы және адамның кандидаттармен еңбек шарттарын жасасу тәуекелін төмендететін әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы анықтамаларға қарағанда, ағымдағы және өткен кезеңдер үшін (өтелген/алынған сотталғандар туралы) деректер көрсетілетін ҚР БП ҚСЖАЕК ақпараттық базасына жүгіну және қызметкерлерді тексеруді жүзеге асыру жолымен.

Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезеңінде нормативтік құқықтық және ішкі актілер, сондай-ақ процестер тұтастай алғанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін ережелерді қамтымайтыны анықталды.

Сондай-ақ, жоспарланған іс-шаралар шеңберінде ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижелері негізінде жарты жылда кемінде 1 рет талдау жүргізу ұсынылады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және/немесе оларға алғышарттарды уақтылы анықтауға, ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

№1-2 Қосымша: «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізімі

«РБҒО» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комплаенс қызмет.

Талдамалық анықтамаға №1 қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 32-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау кезінде қолда бар лауазымдарды екі санатқа -басшылар мен орындаушыларға бөлу керек.

Шешімдер қабылдау және ұйымдық-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып, басшылардың барлық санаты жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына жатады, сондықтан оларды функционалдық міндеттерін талдаусыз сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарға жатқызу керек.

Орындаушылар лауазымдарының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырау деңгейі функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлық функцияларының тізімін негізге ала отырып айқындалады.

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі.

№ р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1.	Басқарма төрағасы	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға	Фактілер анықталған жоқ

		байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	
2.	Басқарма төрағасының орынбасары (3 бірлік)	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
3.	Инфрақұрылымдық даму жөніндегі Басқарушы директор	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
4.	Ғарыштық байланыс жүйелері департаментінің директоры	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алу және басқа да қаржы ресурстарын шешу кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
5.	Ғарыштық байланыс департаментінің Ғарыштық байланыс жүйелері басқармасының және Ақпараттық қауіпсіздік басқармасының басшысы (2-бірлік)	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ

6.	Жоспарлау, сату және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
7.	Жоспарлау, сату және халықаралық ынтымақтастық департаменті Сату және шарттарды сүйемелдеу басқармасының басшысы	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
8.	Құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Кадрлық шешімдер қабылдау кезінде, сондай-ақ лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
9.	Құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету департаменті Кадр жұмысы және құжат айналымы басқармасының басшысы	Кадрлық шешімдер қабылдау кезінде, сондай-ақ лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ

10.	Бухгалтерлік есеп басқармасының басшысы және оның орынбасары (2-бірлік)	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
11.	Мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
12.	Экономикалық талдау басқармасының басшысы	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
13.	«Ақкөл» ғарыштық байланыс орталығының директоры	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
14.	«Көктерек» ғарыштық байланыс орталығының директоры	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ

15.	Ақпараттық технологиялар басқармасының және Әкімшілік-шаруашылық жұмыс басқармасының басшысы (2-бірлік)	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
16.	Жобалық кеңсенің басшысы	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ
17.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің басшысы	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезінде шешім қабылдау кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану	Фактілер анықталған жоқ

«РҒБО» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызмет

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы бойынша
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ**

№	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Тәуекелді жою бойынша ұсыныстар	Ұсынымды орындау нысаны	Уәкілетті мемлекеттік органның ұстанымы <i>* Ұсынымдарды басқа мемлекеттік органға жіберген кезде</i>	Орындау мерзімі
	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ				

«РҒБО» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызмет